



«Егер мұнай бағасы қазіргі деңгейде сақталса, дамушы- нарықтан капиталдың кетуі өбден мүмкін. Бірақ соңғы айларда мұнай бағасының қымбаттауы Қазақстан мен Ресей секілді мұнайға тәуелді мемлекеттердің ұлттық валютасын нығайтты. “Қара алтынның”- бағасы- тұрақтылығын сақтайтын болса, екі елдің де төл ақшалары девальвация дертінен аман қалады. Бірақ Ресей билігі үшін рубльдің әлсірей түскені пайдалы. Ойткені олар осы түсті пайдаланып, девальвация жасауы мүмкін, ал Қазақстанның әрекеті Үкіметке және мұнай бағасына байланысты». Бұл – Еуропаның даму және қайта құру банкінің бас экономисі Сергей Гуриевтің аң-құсы ортақ екі елге берген- бағасы.

Шындығында шикізат тұзағындағы бұл елдердің экономикалық даму астарында тын саяси бағыт пен құпия мазмұндағы жоспар бар. Қайда барса да сағаттың- қос тілі іспетті қатар жүретін қазақ даласы мен теріс-кейдегі қоршінің ұстанған бағыты жерасты байлығы мен әлемдік экономиканың «температурасымен» тығыз байланысты. Ортақ мақсат біріктірген ортақ одақта да бір-біріне ілеспесе, іздері түспейді. Мәселен-, өткен жылы елден жаппай капитал шығарыла бастағанда да валютасы әлсірейтін елдердің қатарында екі мемлекеттің аты қатар айтылды. Ал «қара алтын» қорының қымбаттауына байланысты айтыл-ған жаңалықтарда да

Қазақстандағы нығайған валютаны уақытша құбылысқа тенегендер табылды. Осы аралықта Қазақстан мен Ресей валюталық девальвация жасайды деген сәуегейлер де кездесті. Деген-мен, біздегі қаржылық саясат қазіргі танда басқаша- орбу үстінде екені белгілі. Болашақта қолөнері түсіп тұрған елдерден тамырын болек кесіп алып, ұлттық валютаны нығайтатын боламыз деген сенім бар.

Бүгін дейін де валюта нарығының тұзағынан аттап өтіп жүрген еліміз Румыния-ямен қатар банк балансын тазалауды нәтижелі жүзеге асырған еді. Бірақ, банктерді құтқару үшін мемлекет 2 триллион теңге қаржы болды. Бұл доллар бағамына шаққанда 6,5 млрд долларды құраса, теріскейдегі қорші дәл осы мақсатқа 8,6 млрд доллардан артық ақша жұмсады. Мұны не үшін айтып отыр деп ойлап отыруыңыз әбден мүмкін. Егер екі мемлекет те өздерінің әлеуметтік-экономикалық деңгейлеріне сенімсіз, қаржы жүйесі “жаралы” болса, экономиканы қаржылық ресурспен қамтамасыз ете алмас еді. Осы ретте тағы бір заңды сауал туындайды. Исландия секілді банктерді сауықтырудан бас тартқан жағдайда экономикалық шығын болмас- та еді. Алайда біздегі күрделі экономикалық ахуал салғырт қарауды қолдайды. Оған себеп те бар. Себеп сол, соңғы жылдары Қазақстан нарығынан шетелдік банктер кетіп қалды. Нарықтағы бос орындар қазір айналымға табыс түсіріп тұрған жоқ. Ал ақша табысы азайған мемлекеттің экономикалық өсімі де баяулайды. Қарап отырсаңыз, біздегі саяси одақ болсын, экономикалық одақ болсын, барлығы бір бағытта, бір мақсатта құрылған. Өлемдік деңгейде сауда-саттық жүргізу, шикізат қоры арқылы экономикалық өсімге қол жеткізу – ортақ мақсаттары. Ал мұндай одақтар бір-бірін толықтырып отыратын мемлекеттер үшін тиімділігін қорсетпесе, экономикасы төмен дәрежедегі елдер үшін аса пайдасын тигізе қоймайды. Ойткені олардың деңгейі бір-бірімен бәсекелесуге жетеді де, ал мықты-қадамы бар мемлекеттер мұндай бірігуге мұрны да шүйірмейді. Сондықтан өздеріне тиесілі бір шаңырақ құрып алады да, қаржылық, шикізаттық қоры басымдау ел қалған мемлекеттерді тасасында ұстауға тырысады. Біздің ел экономикасының да Ресейге тәуелділігі осындай салдардан туындаған жайт. Бірақ Ресейді мықты деп мойындауға тырысқанымен, майда-шүйде тауарлары сауда нүктелерін жаулап тұрғанымен, инвестициялық жобаларды қаржыландыруға келгенде жұмған аузын ашпайтын «аю патшалығына» танданысымызды жасыру қиын. Жобалық жоспарларды жүзеге асыруда Қытай елінің еншісі мол екендігін қоспай тұрсақ та мойындауға тура келеді. Үнсіз жатқан «аюдың» түбінде не ойы барын ойласақ, денеміз тітіркеніп кетеді. Оларға саясатының қайтып келмейтініне өзімізді сендіруге тырысамыз. Мұны ойлағанда девальвация мәселесінің делебесі қозбақ түгілі, еске де алуға жарамай қаламыз.

Нарықтық экономикадағы теңгенің девальвацияға ұшырауы туралы соңғы кездері жиі айтылғанымен, оған ауыз толтырып айтарлық сылтау табылып тұрғаны шамалы. Ал жарыса айтып жүрген алтын валюта қорының болашағы бар деп жүргендердің дені – қаржыгерлер. Ойткені девальвацияның да өзіндік артықшылықтары бар. Ол мемлекеттің алтын валюталық қорларының сақталынып қалуы. Ойткені алтын – халық-аралық өтімділіктің негізгі нысаны және мемлекеттің валюта бағамына ықпал ету

максатында валюта интервенциясын жүргізуге пайдаланылатын қор. Ал Ресей сарапшылары «Қазақстан саналы түрде девальвация жасап отырған жалғыз-мемлекет емес» деген бағаны әлдеқашан берген болатын. Ақша-несие саясатында инфляциялық таргеттеу режиміне көшкен алғашқы күннің өзінде-ақ теңгенің долларға шаққандағы бағамы 26 пайызға құлдыраған-ды.

Оз кезегінде елдің ахуалын бақылаусыз қалдырмайтын мемлекет басшысы да Үкімет пен Ұлттық банк қабылдаған шешімге қатысты «Теңгенің күнсыздануы бәсекеге қабілеттілікті арттырады және Қазақстан экономикасында рецессияға жол бермеуге ықпал етеді» деп топшылаған болатын. Осы сөзді айтқалы тура екі жыл болды. Нәтиженің қандай екенін көзімізбен көріп отырмыз. Әлемдік экономиканың ықпалымен еркін валюталық жүйеге көшуді емес, одақтастар арасындағы ортақ валюта туралы толған-ып жүргеніміз оңімізді өзегі қатпай тұрып дінгегі аршылған ағашқа ұқсатып-ақ тұр.

А.НҮРТАС